

1.7.2023

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2022-2023 оқу жылы

Мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесі
ТҮРКІСТАН Қ. НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ

Мазмұны

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ ЕСЕБІ.....	2
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ ОҚУ САПАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП	10
СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУЫ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫ.....	11
АҒЫЛШЫН ТІЛІ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ.....	15
МАТЕМАТИКА ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ.....	21
ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ПӘНДЕРІ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ.....	25
ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ.....	34
ХИМИЯ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ	42
БИОЛОГИЯ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ.....	46
ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ ФИЗИКА ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ ...	52
ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ	58
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ	63
МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ	68
МЕКТЕП ЖАТАҚХАНАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП	72
ҚОСЫМША: СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ	74

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ ЕСЕБІ

1. Арнайы мақсаттарды қысқаша тұжырымдау, филиалдың ерекшеліктері:

1) 2022-2023 оқу жылында орын алған негізгі өзгерістер.

Мектептің олимпиадалық резерві құрылып, ғылыми жобалар мен конкурстарға оқушыларды даярлау жұмысы жолға қойылды. Оқушылар аймақтық, облыстық, желілік және республикалық деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатысуда. 2021-2022 оқу жылына қарағанда 2022-2023 оқу жылындағы көрсеткіш айтарлықтай өсті. Бірақ, еңсере алмай отырған қиындық – олимпиадаға даярлайтын тренерлердің жоқтығы. Педагогикалық ұжымдағы мамандардың басым көпшілігі 1-2 жылдық еңбек өтілмен келіп отырған жас мамандар болғандықтан, оларға сабақтың өзін үйлестіру жұмысы оңайға емес. Дегенмен, ұжым биылғы оқу жылында желілік және республикалық деңгейден нәтиже көрсете алды. Ол жетістік - мықты кадрлардың қажырлы еңбегінің жемісі.

Мұғалімдердің кәсіби дағдылары мен шеберліктерін дамыту мақсатында мектепте «Lesson study», «Action research» шеңберінде жұмыс жасайтын және «Әдеби талдау» шығармашылық топтары жұмыс жасайды. Аталған топтар педагогикалық ұжымды үлкен идеялар мен кәсіби-шығармашылық потенциалын жетілдіруге алғы шарт деуге негіз бар. Себебі, осы топтардағы мұғалімдер халықаралық (ESER, WALS, т.с.с.) конференцияларына мақалаларын жариялап, тәжірибелерімен бөлісіп үлгерді. Ағылшын ӘБ мұғалімдері Кембридж емтихан кеңесі ұйымдастырған жоғары деңгейлі курсы тәмамдап, сертификаттарын алды. Нәтижесінде барлығы 7.0 және 7.5 баллдық көрсеткіштегі IELTS сертификаттарын алды.

Мектептің математика ӘБ 2 жыл қатарынан республикалық «Қажи Нұрсұлтанұлы оқулары» атты математика мұғалімдерінің конференциясын ұйымдастырып өткізуге ат салысты. Өткен оқу жылында тек көрермен есебінде болса, осы оқу жылында секцияларға жауапты модератор ретінде тәжірибе жинақтады.

Мұғалімдерді қолдау мақсатында мектепте мұғалімдерге арналған ішкі тілдік курстар ұйымдастырылды. Мектеп базасында 2022-2023 оқу жылында 2 мәрте (қаңтар; маусым) «ҚазТест» ұйымдастырылып өткізілді. 46 педагог және оған теңестірілген қызметкерлер «ҚазТест» тілдік құзіреттілікті растайтын сертификатқа ие болды. Яғни, қазақ тілі бойынша мектеп ұжымы ДББҰ стратегиялық жоспарын толық жапты. Алайда, ағылшын тілінің деңгейін көтеру алдағы 2 жылдың биік мақсаты. Мұғалімдер ұжымы жас болғандықтан, тіл үйрену аса ауырлық туындатпау керек деген болжамымыз бар.

2) *Серіктес мектептермен ынтымақтастық.*

Мектеп жүйелі түрде Түркістан қаласының адами әлеуетті арттыру бөліміне қарасты №28, 15, 19, 23, 24, 1 мектептерімен әріптестік байланысты орнатып үлгерді. Жетекші мектеп ретінде Отырар ауданындағы Ө.Жәнібеков атындағы №4 мектеп-лицей интернатымен де әріптестік қатынас орнатты.

Сондай-ақ, Республикадағы Назарбаев Зияткерлік мектептері ұйымдастырған әртүрлі желілік іс-шараларға қатысушы және ұйымдастырушы ретінде серіктестік алаңынан өз орнын көрсете білді. Бұған қоса, АҚШ-тың Сан-Франсиско университеті ғалымдарына жобалық жұмыстарын қорғады. Оқушылар АҚШ-тың бағалау жүйесімен танысты; зерттеу жүргізуді үйренді; презентация қорғау машықтарын дамытты; кері байланыс алды.

Лос-Анджелестің Да Винчи мектебімен PBL (Project Based Learning) жоба арқылы оқыту бойынша дәріс алды. Оқушылар алдын-ала берілген кітапты оқып, оқылған кітаптарына рефлексия жазды және жоба жұмыстарын қорғады. Бірақ, бұл жерде нақты айтатын үлкен мәселелер бар, не оны мен дұрыс түсінген жоқпын, орынбасар ретінде, немесе жоғары тараптан аталған іс-шараның маңыздылығы мен мазмұны толық түсіндірілген жоқ.

Алдағы уақытта серіктес мектептермен жұмыстардың мазмұнын тереңдетіп, оның құндылықтарды дарыту мақсатында жүйелі жоспарын құруды мақсаты тұр. Яғни, біздің қызығушылық пен мүддеміз ғана емес, екі жақтың да мүдделері мен сұраныстарына

негізделген сабақтар сериясы жасалса деген жоспар бар. Бұл шараның қиын тұсы – таңдалған мемлекет пен Қазақстанның уақыт белдеуіндегі айырмашылық және серіктес мектептен жұмыс концепциясының түпкі түйінді мақсаты нақты не екенін толық түсінбеу. Серіктес мектептің концепциясы мен мақсаты және күтілетін нәтижесі жайында ДББҰ жауапты департаменті арнайы түсіндірме жұмыстарын жүргізсе деген ұсыныс білдіреміз.

3) Қазақстанның Педагогикалық және техникалық жоғары оқу орындарымен тұрақты ынтымақтастық.

Мектеп Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Кентау қаласындағы Қазақ-неміс поитехникалық колледжімен тұрақты ынтымақтастық байланыс орнатты. Аталған ЖОО-ның үздік студенттері мектептен педагогикалық тәжірибесін өтеуге тартылды. Сонымен қатар, ХҚТУ аға оқытушылары мен профессорлық құрамы НЗМ оқушыларының ғылыми жобаларын бағалап, сындарлы кері байланыстары мен ғылыми кеңестерін, бағыт-бағдарларын ұсынды. Нәтижесі ғылыми жобалардан республикалық деңгейде нәтиже болды. Айтар ұсыныс – ЖОО-ның мықты ғалымдарын мектептің ғылыми жобаларына жетекшілік етуге эллективкаларға тарту қолдау тапты.

2. Филиалдың сипаттамаларын жақсартуға ықпал ететін немесе кедергі келтіретін ерекше жағдайлар:

1) Іріктеудегі, қызметкерлерді сақтап қалудағы мәселелер:

Кәсіби шеберлігі жоғары мамандарды жұмысқа тарту мен сақтап қалу бойынша мектеп жұмыс жасауда. Дегенмен, кадрлардың тұрақтап қалуы өзекті мәселелер қатарында екенін жоққа шығара алмаймыз. Оның бірнеше себептері бар.

Атап айтқанда, ЖОМ еңбек өтілі бар және кәсіби біліктілігі жоғары мамандар НЗМ-ге келгісі жоқ, себебі олардың неше жылдық еңбек өтілі мен біліктілік деңгейі сақталмайды. Сәйкесінше, экономикалық жағынан олар үшін тиімсіз.

Екінші бір себеп, ЖОМ мұғалімдері сабақтарын ғана беріп, басқа уақыттарда жұмыста болмай-ақ қоюға болатын секілді мүмкіндіктерді «артықшылық» деп санайды. Себебі, мұғалімдердің көпшілігі әйел азаматтар болғандықтан, олар үшін жанұялық шаруалар мен отбасылық құндылықтар маңызды. Нақты мысал ретінде, өткен оқу жылында қызмет қылған тәжірибелі ағылшын пәні мұғалімі отбасының жағдайы үшін, 5 баланың анасы, таңнан кешке дейін жұмыс жасай алмайтынын, оның үстіне сағат 17:00-ден де қалып жұмыс жасау өте ауырған болғанын айтып, өз еркімен жұмыстан шықты. Түркістан қаласының өзіне тән ерекшелігі, бұл жерде әйелдер қауымы үшін отбасы маңызды санатқа ие, сол себепті, отбасылы әйелдер қауымы сағат 17:00-ден кейін жұмыста қалғысы жоқ. Сондықтан да, жұмыс кестесіне тиімді өзгерістерді ДББҰ тарапынан жүйелі енгізудің алгоритмін жасауды ұсынар едік. Мүмкін, Түркістан, Шымкент секілді қалаларда сабақты таңғы 08:00-ден бастап кету тиімді болар. Ал сағат 16:00-ден 17:00 арасы пед ұжымның кәсіби дамуына арналса деген нақты ұсыныс бар.

2) Оқушылардың үлгерімі, көрсетілетін қызметтердің сапасы:

Мектеп көрсететін қызметтердің сапасы педагог қызметкерлердің сапасына тікелей байланысты. Демек, сапалы кадр – сапалы нәтиже. Олай болса, жоғарыда аталып өткен ұсыныс-тілектер толықтай орындалуын алдағы оқу жылының жоспарына енгізу мақсатты түрде жүзеге асу керек. Нақты мысал ретінде, осы өткен оқу жылында мұғалімдерге ДББҰ тарапынан да өте жақсы кәсіби даму курстары онлайн форматта ұйымдастырылды. Бірақ, ол курстарды тиянақты өтіп, мақсатына жету үшін көпшіліктің уақытты басқара алмауы немесе апталық жүктемелерінің ауырлығы мен тығыздығы әсер етті. Себебі, «Кәсіби дамуды басқару», «Аналикалық құзіреттілік» секілді жоғары деңгейлі курстарды ұжым мүшелерінің көпшілігі толық өте алмады. Сондықтан, педагогикалық шеберлік орталығы өткізетін курстарды жоспарлағанда, мұғалімнің сабақ жүктемесін ескеріп, арнайы өндірістен босату туралы бұйрық негізінде өтсе деген ұсыныс бар.

Сапалы қызмет көрсету үшін қосымша сабақтар ұйымдастырылу қажет. Тек қосымша сабақтардың өзін өте тиімді жоспармен әзірлеуді қарастыру керек. Жыл бойы оқу

бағдарламалары қайта қаралып, апта сайын параллельдер бойынша жоспарлауды жолға қою межеленуде. Ол бойынша Астана қаласының орынбасарынан кеңестер алынды. Үйірмелер, олимпиада және ғылыми жобаларға сырттан қосымша мамандарды жалдамалы түрде тарту. Ал мұғалімдердің назарын кәсіби дамуға аудармасақ, көшті түзеу қиынға соғады. Бүгіннің өзінде жағдаймыз, расын айтқанда, мәз емес. Оны мойындау керек. Өзгеруге, дамуға ниетті ұстаздардың санын арттырып, білімге құштар жандарды мектебімізге көптеп тарту бойынша стратегиялық жоспар жасау керек. Қызметкерлердің команда болып, ауызбіршілікте және шабыттана жұмыс жасауына жағдай жасау үшін, әкімшілік тарапының да менеджерлік дағдыларын шыңдау керек.

3) Мектеп құрылғаннан бергі орын алған ірі оқиғалар:

Мектеп 2021 жылдың 29 қарашасынан бастап жұмыс жасап келеді. Осы 1,5 жылдық аралықта өте көп іс-шаралар мектеп ұжымының күшімен атқарылды. Солар жайлы қысқаша егжей-тегжей ақпарат.

Ең алғашқы өткізілген іс шара 2021-2022 оқу жылында Республикалық деңгейдегі «Наурыз кездесулері». Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізілді. Іс-шараға Түркістан облысының 17 ауданына 400-ге тарта адам қатынасты. Оның ішінде оқушылар, мұғалімдер, әкімшілік қызметкерлер бар.

Бүкіл НЗМ тәрбие жұмыстарының орынбасарларының басын біріктірген «Тұлға тәрбиесі» форум-семинары өткізілді. Бұл шараға Түркістан облысының 250-дей орынбасарлары мен кітапханашылары, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері қатынасты.

2022-2023 оқу жылында қазақ тілі ӘБ облыстық деңгейде қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған «Ұлт ұстазының ұлы мұрасы» атты семинар-тренинг, ашық сабақтар өткізді. Аталған шараға 70-тің үстінде облыс мұғалімдері қатысты. Нәтижесінде ӘБ мұғалімдері «Қазақ тілі пәні мұғалімдерінің» ватсап қауымдастығын ашып, сол жерде жыл бойы тәжірибелерімен бөлісу алаңын құра алды.

Семей қ. НЗМ мен Түркістан қ. НЗМ математика ӘБ бірлесе отырып, республикалық «Қажы Нұрсұлтан оқулары» атты математика мұғалімдерінің конференцияны ұйымдастырып өткізді. Конференция өткізу, оның материалдарна сараптама жасау және модераторлық функцияны атқару – барлығы мұғалімдердің кәсіби және шығармашылық тұрғыда дамуына септігін тигізді деген ойдамыз.

Мектепте білікті мамандарды тарту мақсатында 2021-2022 оқу жылында қаладағы ең үздік мектептердің мұғалімдеріне арналған «Brain-Ring» зияткерлік сайысы өткізілді. Нәтижесінде 2 мұғалім конкурстан өтіп, НЗМ мұғалімдері қатарына қосылды. 2022-2023 оқу жылында дәл солай «Парасат» атты олимпиаданы өткізілді. Шараға 50-ге тарта мықты мұғалімдер қатысты. Оларға да мектептің өмірі, тыныс-тіршілігі жайлы ақпараттар мен ұсыныстар жасалды. Алдағы уақытта олардың қатарынан да педагогтер тартылуы ықтимал деген болжам бар.

Тағы бір үлкен іс-шара, 2022-2023 оқу жылында мектепте 40-тан аса үздік студенттер педагогикалық тәжірибеден өтті. Мектеп жайлы өте жақсы пікірлерін қалдырды. Басым көпшілігі осы оқу жылында НЗМ мұғалімдері болуға ниетті екенін сауалнама нәтижесінде біле алдық.

12-16.06.2023 ж. аралығында «Оқу-ағарту министрлігі» тапсырмасы бойынша мектеп директорлығына үміткерлердің резервін анықтау мақсатында тест ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараға тіркелген 450-дей орынбасарлардың 124-і келіп, тесттен өтті. Көпшілігі Шымкент қаласындағы ХББ НЗМ базасынан өтуге өтініш білдірді.

3. Сарапшылардың ерекше назарын аударатын филиалдың кез-келген қосымша сипаттамалары:

Негізгі өзгешелік – мамандардың өте жас әрі тәжірибесіздігі. Елді-мекеннің өзіне тән табиғи ерекшеліктері. Мамыр айында оқу бөлмелеріне отырып оқу өте қиынға соғады. Өте ыстық. Қапырық.

Көптеген сырттан келген оқушылар жатақханаға сыймағандықтан хостелдерде, пәтерлерде жалдап, құрбы-құрдастарымен тұрады. Ата-анасының қарауынан тыс қалғандықтан, өтпелі кезеңдерінде сабақта да, жеке өмірлерінде де психологиялық тығырықтарға тірелетіндер көп болады. Сондықтан, конкурстық іріктеуге қала мектептерінің үлесін мейлінше көбейту үшін жыл бойы сенбі күндері ашық ескі күндері ұйымдастырылды. Нәтижесі жаман емес. Биылғы КІ өткендердің басым көпшілігі Түркістан қаласынан болып отыр.

4. Жұмыстың негізгі бағыттарын жақсарту және дамыту жөніндегі бағыттар:

- ✓ Нормативтік құжаттармен жұмыс жасауды жетілдіру;
- ✓ ҒӘЖ жұмысын жоспарлап, оның ұстану принциптерін қатаң қадағалау;
- ✓ Мектеп ұжымына академиялық адалдықты, жалпы мектеп құндылықтарын дарытуға стратегия құру;
- ✓ Инклюзиялық білім беру саясатына үңілу;
- ✓ Халықаралық CIS аккредитациясына ұжымды топтастыру. Бүгінгі күні мектептің миссиясы талқыланып, стандарттар бойынша бөліну ғана орын алды.
- ✓ Аттестациядан өтетіндердің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;
- ✓ STEM лабораториясын үйлестіру және дамыту бойынша жұмыс жасау. Яғни, оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға екпін қою;
- ✓ Пәндік олимпиадалар мен ғылыми конкурстарды үйлестіру. Оқушылар НЗМ ДББҰ ұсынған тізім бойынша жүйелі түрде ғылыми олимпиадалар мен жобаларға қатысып жүр.
- ✓ Мұғалімдерге арналған мектепшілік Action research, Lesson study семинарларын өткізу, үйлестіру.

3. Оқушылардың, ата-аналардың және басқа да мүдделі тұлғалардың мектеп жұмысы туралы пікірлері:

Мектептің дамуы - ең маңызды жұмыс. Ал, сол мектептің прогрессивті не регрессивті динамикасын анықтаудың күшті құралы – анонимді жүргізілетін сауалнама. Осы саланың негізгі маманы ретінде 3 мәрте мектеп ұжымынан анонимді сауалнама алынды. Соңғы рет оқушылар мен ұжымнан алынған сауалнама нәтижесі әкімшіліктің оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы үлкен сәйкессіздіктерді атап көрсеткен. Нақтырақ айтқанда, жағымпаздық, жауапсыздық, екілік стандарт, команда болып жұмыс жасай алмау, қызметкерлердің функционалдық сауатсыздығы секілді негативті көріністер орын алғандығы туралы сигналдар түсті. Ол сигналдар бойынша жұмыстар жасалынды. Ақырын нәтижесін беріп келеді. Қорыта айтқанда, ұжымдағы атмосфераны түзету үшін, ең алдымен әр қызметкер өзінің ішіне үңіліп, өзіндік жауапкершілікті шынайы сезінуі керек, онсыз даму болмайтынына көзіміз жетті.

4. Оқушылардың үлгерімі мен деңгейі: белсенділік (мектепте даму ортасын құру мүмкіндігі)

1. Мектеп оқушыларының үлгерімінің динамикасы:

- 1) оқушылардың белгіленген мақсаттарға жетуі;
- 2) дарынды оқушылармен жұмыс жүйесі;
- 3) оқушылардың зерттеу, жобалау жұмыстарын ұйымдастыру және т. б

Оқушылар 2021-2022 оқу жылынан бастап аймақтық, желілік, республикалық олимпиадалар мен конкурстарға қатысып келеді. Үлкен жетістіктер көп емес, дегенмен 2022-2023 оқу жылында 4 ғылыми жоба «Дарын» ұйымдастыруынан республикалық деңгейден 2, 3 орындарды иеленді. Үстіміздегі оқу жылында мектебіміз 3 авторлық құқұқ иегері атанды. 2 жыл дәстүрлі түрде «Жас Әл-Фараби» республикалық ғылыми жобалар конкурсына қатысып, 1,2,3 орындарды иеленді. Бұл жетістіктер мектептегі ұстаздар мен оқушылардың түсіністікте жұмыс жасауының жемісі. Бұған қоса, ата-аналар тарапынан да баланың ғылымға көңіл бөлуіне ден қоюшылық бар. Себебі, Республикалық деңгейдегі өткізіліп жатқан кейбір іс-шараларға ата-ананың тікелей қаржылық қолдауымен барып келіп жатыр.

Мектепте «Олимпиадалық резерв» және «Зерттеу мектебі» құрылған. Сол мектептер сабақтан кейінгі уақытта өздерінің жоспары бойынша жұмыстарын жасайды. Аталған мектептің координаторлары әр-түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарды анықтап, мектепшілік, аймақтық, республикалық деңгейге өздері қатыстыруды ұйымдастырады. Тек, дәл бүгінгі таңда мектепте жаратылыстану-математика бағытындағы олимпиада әлсіз болып тұр. Оның себебі, тренерлік деңгейдегі ұстаздардың жоқтығы.

2022-2023 оқу жылындағы олимпиада мен ғылыми жұмыстардың жетістіктері

№	Оқушының аты-жөні	Орыны	Қатысқан пәні	Жетекшісі
Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиада				
1	Тұрарбек Мансур	III орын	Құқық негіздері	Ақынбекова Г.У.
Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық «Қазақстан Білім Олимпиадасы»				
1	Маханбеталев Даулет	II орын	География	Жолдасов С.С.
Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың желілік кезеңі				
1	Тұрарбек Мансур	I орын	Құқық негіздері	Ақынбекова Г.У.
2	Маханбеталев Даулет	II орын	География	Жолдасов С.С.
3	Алибай Аделия	III орын	География	Жолдасов С.С., Сейтов Е.М.
4	Жарылқап Нұргүл	III орын	Қазақстан тарих	Ақынбекова Г.У.
5	Асет Арайлым	III орын	Құқық негіздері	Ақынбекова Г.У.
6	Абдиламитова Жасмина	III орын	Қазақстан тарих	Қуандық Б.Н.
7	Чукенова Амина	III орын	Ағылшын тілі	Қожахмет Б.Б.
8	Жумадилаева Нигора	III орын	Қазақ тілі	Баяндиева Д.М.
9	Матанова Саламат	III орын	Қазақ тілі	Баяндиева Д.М.
10	Ізбасхан Даниял	III орын	Биология	Тәліп С.Б.
11	Исаева Алтынай	III орын	Биология	Тәліп С.Б., Тұрғанбек Д.Ж.
12	Пернешбай Нурай	III орын	Орыс тілі	Тапелова Б.Ж.
Лингвистикалық олимпиада (Облыс)				
1	Пернешбай Нурай	I орын	Орыс тілі	Тапелова Б.Ж.
2	Советхан М	II орын	Орыс тілі	Каримова А.М
Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық жасөспірім олимпиаданың желілік кезеңі				
1	Алибай Аделия	II орын	География	Жолдасов С.С., Сейтов Е.М.
2	Абдугаппарова Зиёда	III орын	География	Жолдасов С.С.
3	Сұлтанбек Абылайхан	II орын	География	Жолдасов С.С.
4	Абдурахманов Бектұрсын	III орын	География	Жолдасов С.С.
5	Асхатұлы Амир	II орын	Физика	Нұрыш Н
«Дарын» Республикалық кезең ғылыми жобалардың конкурсы				
1	Тұрарбек Мансур	II орын	Физика	Рәш Г.А., Емелбекова М.О.
2	Ізбасхан Даниял	II орын	Физика	Рәш Г.А., Емелбекова М.О.
3	Амидулла Назерке	II орын	Экономика	Ашир Э.А., Әшір Қ.Б.
4	Ілес Балауса	III орын	Этномәдениеттану	Ақынбекова Г.О.
«Жас Әл-Фараби» Республикалық кезең ғылыми жобалардың конкурсы				
1	Сапар Бірханым	I орын	Химия	Жолдасов С.С.
2	Алпысбай Жибек	I орын	Экология	Жолдасов С.С.
3	Жарылқап Нұргүл Тұрсынқұлова Одина	III орын	Өлкетану	Жолдасов С.С., Дүкенбай Б.Ә.
4	Урустек Бақжан	III орын	Өлкетану	Ақынбекова Г.О.
5	Мамаджанова Ш	III орын	Орыс тілі	Тапелова Б.Ж.


	Абдугаппарова З.	I орын	Информатика	Кузьмина И.Н.
	Исахан А.	III орын	Информатика	Кузьмина И.Н.
Халықаралық ғылыми-шығармашылық конкурстар				
1	Шакиржанова У.	III орын	Орыс тілі	Тапелова Б.Ж., «Тургеневские чтения» г.Москва, 2023
2	Абдугаппарова З.	I орын	Информатика	Кузьмина И.Н. International Science festival, Париж
3	Асылбек Диас, Сартай Алпамыс, Пайзхан Али, Жайлыбек Жаркынбек	III орын		Кузьмина И.Н. «Caspian Start Up», Ақтау қ.
Желілік конкурстар				
1	Пернешбай Н Алимбай М Урустбек Б	III орын	Орыс тілі	Тапелова Б.Ж. «Писатели и поэты Туркесанской области», НИИ ХБН г. Павлодар
2	Асылбек Диас, Сартай Алпамыс, Пайзхан Али, Жайлыбек Жаркынбек	I орын	Информатика	«IT Factor» НАСКАТНОН, Шымкент қ.
Авторлық құқық иелері				
№	Автор	Күні	Номері	Ғылыми туындының атауы:
1	Абдугаппарова З.	28.02.23	№33137	Браслет SMART SAFETY LIFE
2	Турсынқулова О. Жарылқап Н.	26.01.23	№32044	«Ортағасырдағы Сығанақ қаласының Ұлы Жібек Жолындағы маңызы»
3	Амидулла Н.	13.06.23	№37100	Мал терісінің проблемаларын табысты бизнеске айналдыру жолдары

Мектептің педагог қызметкерлерінің және оларға теңестірілген тұлғалардың сандық және сапалық құрамы: құзыреттілік, кәсібилік, оқу және даму қабілеті

1. Мектептің, орталықтың және оларға теңестірілген тұлғалардың педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту: қазіргі жағдай және даму үшін жаңа міндеттер.

Мектеп жаңадан ашылғандықтан зияткерлік мектептің бағдарламасын жетік меңгеру үшін әлі де көп жұмыс жасалу керек. Мектепшілік кәсіби даму курстары жолға қойылған. Дегенмен, жүйелі жұмыс жасады деп нақты айта алмаймыз. Себебі, әлі де дамытатын, жетілдіретін тұстар өте көп.

Педагог қызметкерлердің барлығы жоғары білімді. Академиялық білім деңгейін жетілдірушілер жыл санап өсетінін болжау қиын емес, себебі қызметкерлердің арасында магистратура оқып жүргендері бар. Бүгінгі статистика бойынша магистрлік деңгейі бар мұғалімдердің жалпы саны – 25 (44 %). Ал педагогикалық шеберлік деңгейі бойынша НЗМ ДББҰ даму стратегиясының 28-көрсеткіші бойынша педагог кадрлердің сапалық құрамын арттыру қажет.



Алдағы нақты мақсаттар тәжірибелі мұғалімдерді «модератор», «сарапшы» біліктілік деңгейіне әзірлеуді жүйелі жолға қою керек. Бұл мақсатта көптеген педагог қызметкерлер зерттеу жұмыстары мен тәжірибе тарату бойынша жұмыстарға кірісіп кетті.

2) Шетелдік педагогтарды ауыстыру бойынша мектептің стратегиялық бағыты қалай дамуда? Мәселелер мен шешімдерді анықтау.

Шетелдік мұғалімдер қажеттілікке орай алынады. Маманды таңдаудағы қиындық – кадрдың зияткерлік мектептің бағдарламасымен таныс болмауы. Біздің жағдайдағы өзекті мәселе – жергілікті бейінді пән мұғалімдерінің шетелдік маманмен тиісті деңгейде ағылшын тілінде коммуникация жасай алмауы. Әкімшілікке өз пәні болмаған соң, үміткер маманды тиісті деңгейде біліктілігі бойынша бағалауы қиындық тудырады. Жоғары мектептің тапсырмаларын орындатып сынақ алуды жолға қойса. Яғни, белгілі бір тапсырмаларды онлайн форматта белгілі бір уақыт аралығында орындатып, соның орындау сапасына орай шешім шығарылса. Ол емтиханды ДББҰ ұйымдастыра алады деген ойдамыз. Сондықтан, біздің тараптан айтар үлкен ұсыныс – шетелдік маманды таңдауды НЗМ ДББҰ басқармасы мектептерге жүктемей, өз жауапкершілігіне алса, себебі әр шетелдік маманға төленетін қаражат өте жоғары. Құзіреттілігі жоғары, тілдік дағдылары машыққан пән мамандары пән бойынша сынақ алып, методика бойынша сыни сұхбат жүргізіп, арнайы комиссия шешімі бекітіп берсе. Оған қоса, шетелден келетін мамандардың денсаулық жағдайлары мұқият тексеруден өту керек.

Өте сапалы шетелдік мамандардың келуі халықаралық білім беру деңгейіне өте оң әсерін берері анық. Тілдік орта, кәсіби дамуға да даңғыл жол ашылады. Оқушылардың бейінді ғылым пәндерін әлем тілінде игеруге зор мүмкіндіктер туындайды. Сондықтан, алдағы оқу жылдарында мектебімізге шетелдік мамандардың қатары көбейуіне ықпал жасалса деген ұсыныс жасаймыз.

5. Ұйымдастырушылық құзыреттілік

1. Мектепті, орталықты басқару мен басқарудың тиімділігі мен тиімділігі неден тұрады? Материалдық және материалдық емес ресурстар қаншалықты тиімді және ақылға қонымды пайдаланылады?

Тиімді жұмыс пен жоғары нәтиже - әкімшілік-басқарушы тұлғалардың бір мақсат пен бір мүддеге бірлесе жұмыс жасаған кезінде ғана қол жететін меже. Қызметтің тиімділік деңгейі көп жағдайда жұмысты басқару стратегиясын дұрыс таңдап, оны рационалды қолдануға тәуелді болып келеді. Даму дұрыс жоспарлауға тікелей тәуелді. Яғни жоспар анық, нақты, қолжетімді болуы шарт. Сол себепті, алдағы оқу жылында жүйедегі тәжірибелі орынбасарлардың көмегімен дамуды жоспарлау, біліктілікті көтеруді жоспарлау, вертикальды және горизонтальды жоспарлаулар жолға қойылып отыр. Соның ішінде - уақытты жоспарлауға ерекше назар аударуды жоспарлаудамыз.

Басшыға керек ең басты құзыреттілік – заңдық сауаттылық. Қызмет бабында көптеген түсінбестіктер орын алып, мүдделік даулар орын алатындығы аңғарылды. Шешім шығару – ең қиын жұмыс. Ұжымда берекесіздік болмау үшін, ұжымда тәртіп болу үшін функционалдық сауатты, әр істі заңдық шекарадан аспай әділ шешімдер қабылдауды басты мақсат етіп қоймақпын.

2. Мектептің жұмыс жағдайлары мен дамуын одан әрі жақсарту ұсыныстар:

- ✓ Халықаралық аккредитация талаптарына сәйкес мектеп ұжымын жұмыс жасауға әрекет жоспарларын әзірлеу;
- ✓ «НЗМ ДББҰ 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы» бойынша мұғалімдердің аттестациядан «модератор», «сарапшы» деңгейлеріне өтуге жоспарлы жұмыстарды жолға қою;
- ✓ Оқушылардың республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарда нәтижелерін көтеру мақсатында жүйелі жұмыс жоспарын түзу.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ ОҚУ САПАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП*(10 сынып емтихан бағаларын есепке алмағанда).*

7 сыныптарда 6 сынып комплект, оның ішінде қазақ тобы 4 сынып – 96 оқушы,
орыс тобы 2 сынып – 50 оқушы

№	7А	7В	7С	7D	7К	7L	Жалпы
Оқушы саны	24	24	24	24	25	25	144
Білім сапасы	96%	83%	88%	75%	72%	92%	84%
Оқу үлгерімі	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

7 сыныптардың білім сапасы

1 сыныптарда 7 сынып комплект, оның ішінде қазақ тобы 4 сынып – 87 оқушы,
орыс тобы 3 сынып – 64 оқушы

№	8А	8В	8С	8D	8К	8L	8М	Жалпы
Оқушы саны	22	23	22	20	21	21	22	151
Білім сапасы	82%	83%	86%	55%	81%	81%	82%	79%
Оқу үлгерімі	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

8 сыныптардың білім сапасы

2 сыныптарда 2 сынып комплект, оның ішінде қазақ тобы 1 сынып – 21 оқушы,
орыс тобы 1 сынып – 20 оқушы

№	9А	9К	Жалпы
Оқушы саны	21	20	41
Білім сапасы	90%	85%	88%
Оқу үлгерімі	100%	100%	100%

9 сыныптардың білім сапасы

10 сыныптарда 3 сынып комплект, оның ішінде қазақ тобы 2 сынып – 46 оқушы,
орыс тобы 1 сынып – 20 оқушы

№	10А	10В	10К	Жалпы
Оқушы саны	23	23	20	66
Білім сапасы	91%	91%	80%	87%
Оқу үлгерімі	100%	100%	100%	100%

10 сыныптардың білім сапасы

Барлық сынып бойынша 404 – оқушы, үздік оқушы саны – 31, екпінділер – 247,
үштіктер – 60 және қанағаттанарлықсыз бағаға аяқтағандар – 0. **Барлық сынып бойынша
білім сапасы – 83%** (10 сынып емтихан бағаларын есепке алмағанда).

2023-2024 оқу жылына қажетті пән мұғалімдері

Қазақ тілі - 1	Информатика -1	Математика - 2	Биология - 1
Ағылшын тілі -1	Қазақстан тарихы - 2	Физика -1	География -1
ГППР - 1	Дүние ж. тарихы -1	Химия - 1	Өнер - 2
Экономика - 1	АӘД - 1		

СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУЫ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫ

Математика пәні бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	E	U	Жалпы
Әшір Қ.	10 А	1	27 %	1	-	2	6	2	-	39 %
Тобаханов Н.	10 А	2	50 %	-	5	1	5	1	-	

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	E	U	Жалпы
Әшір Қ.	10 В	1	67 %	-	2	6	1	3	-	56 %
Шаймерденов Б.	10 В	2	45 %	-	1	4	4	2	-	

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	E	U	Жалпы
Шаленова С.	10 К	1	11 %	-	-	1	3	3	2	30 %
Абдушукуров Э.	10 К	2	45 %	1	3	1	4	1	1	

Ағылшын пәні бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	E	U	Жалпы
Нұртаза А.	10 А	1	63 %	-	4	3	-	2	2	48 %
Аманбаева А.	10 А	2	33 %	-	2	2	4	2	1	

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	E	U	Жалпы
Базарбаев Б.	10 В	1	58 %	1	2	4	2	2	1	40 %
Жанжігітова Г.	10 В	2	18 %	-	1	1	5	4	-	

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	E	U	Жалпы
Бескемпирова А.	10 К	1	63 %	2	1	4	1	3	-	65 %
Қожахмет Б.	10 К	2	67 %	1	-	5	1	2	-	

Орыс тілі (Я1) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A*	A	B	C	Жалпы
Каримова А.	10 К	1	100 %	1	2	11	6	100 %

Орыс тілі және әдебиеті (Я2) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	Жалпы
Тапелова Б.	10 А	1	100 %	1	2	8	-	87 %
Берікбай А.	10 А	2	75 %	-	1	8	3	

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	Жалпы
Тапелова Б.	10 В	1	67 %	1	3	4	4	70 %
Нуриддинова Д.	10 В	2	72 %	-	2	6	3	

Қазақ тілі (Т1) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Қорытынды	A	B	C	D
Есбалаева Р.	10 А	91 %	8	5	8	2
Баяндиева Д.	10 В	100 %	6	9	8	-

Қазақ тілі және әдебиеті (Т2) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A*	A	B	C	D	Жалпы
Теңгебаева А.	10 К	1	90 %	1	5	4	-	1	95 %
Дархан Ш.	10 К	2	100 %	3	1	2	3	-	

Қазақстан тарихы пәні бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Қорытынды	A*	A	B	C
Ақынбекова Г.	10 А	100 %	1	14	7	1
Дүкенбай Б.	10 В	100 %	7	13	3	-

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	E	Жалпы
Ақынбекова Г.	10 К	1	90 %	-	4	6	1	-	85 %
Дүкенбай Б.	10 К	2	78 %	-	3	4	1	1	

Химия пәні (қазақ тобы) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	Жалпы
Абжалиева Н.	10 А	1	100 %	1	-	100 %
Кубесова Н.	10 А	2	100 %	-	3	

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A*	A	B	C	Жалпы
Ақрам Д.	10 В	1	100 %	2	2	1	1	100 %
Кабыкеева Г.	10 В	2	100 %	1	-	2	2	

Химия пәні (орыс тобы) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A*	B	D
Кабыкеева Г.	10 К	1	75 %	2	1	1

Физика (орыс тобы) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	Жалпы
Хұдайберген Ғ.	10 К	1	100 %	1	1	-	100 %
Нұрыш Н.	10 К	2	100 %	-	2	2	

Физика пәні (қазақ тобы) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	D	Жалпы
Рәш Г.	10 А	1	75 %	1	2	1	80 %
Нұрыш Н.	10 А	2	100 %	1	-	-	

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	Жалпы
Каримов С.	10 В	1	100 %	1	1	1	100 %
Рәш Г.	10 В	2	100 %	-	-	2	

Биология пәні (қазақ тобы) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	E	Жалпы
Кошқарова У.	10 А	1	100 %	1	2	3	-	-	83 %
Тәліп С.	10 А	2	67 %	-	1	3	1	1	

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	Жалпы
Тәліп С.	10 В	1	100 %	1	-	2	-	85 %
Кошқарова У.	10 В	2	75 %	-	1	2	1	

Биология (орыс тобы) бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	A	B	C	D	Жалпы
Кошқарова У.	10 К	1	100 %	1	1	1	-	80 %
Тәліп С.	10 К	2	50 %	-	-	1	1	

Информатика пәні бойынша білім сапасы

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	В	С	Жалпы
Сеитбек Е.	10 А	2	100 %	1	1	100 %

Мұғалімі	Сынып	Топ	Қорытынды	А	В	С	Д	Жалпы
Кузьмина И.	10 К	1	100 %	1	-	1	-	60 %
Сеитбек Е.	10 К	2	33 %	1	-	-	2	

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Оқу жылы	Жалпы мұғалімдер саны	Шеберлік деңгейі			
		Мұғалім-тағылымдамашы	Мұғалім	Мұғалім-модератор	Мұғалім-сарапшы
2022-2023	7	2	4	1	0

2022-2023 оқу жылында ағылшын тілі әдістемелік бірлестігінде 5 магистр жұмыс атқарды. 2022-2023 оқу жылында ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі «Оқытудағы белсенді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың тілдік және зерттеу дағдыларын дамыту» тақырыбында жұмыс атқарды.

Аталған мақсат бойынша жұмыс төмендегідей бағыттар бойынша ұйымдастырылды:

- білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану дағдыларын дамыту;
- сыни талдау дағдыларын дамыту;
- медиасауаттылық пен цифрлық сауаттылықты арттыру;
- проактивтілікті ынталандыру;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану;
- коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды дамыту;

Ағылшын тілі пәні бойынша оқу үлгерімі (2022-2023)

Аманбаева А	Бескемпирова А	Қожахмет Б	Нұртаза А	Мирзахметова М	Базарбаев Б	Жанжігітова Г
7 А- 100%	7 К-100%	7 А-100%	7К-100%	7В-100%	7В-100%	7С -100%
8 А- 90%	8А-100%	7Л-100%	7Л-100%	7С-100%	7D-100%	8Л-100%
8 С- 90%	8Д-100%	7Д-100%	8К-90%	8С-100%	8D-100%	8М-100%
9 А- 90%	8М-100%	8В-100%	9К-100%	8К-90,9%	8b-92%	9А-90%
10 А-92%	10К-100%	10К-100%	10А-100%	9К-100%	10В-100%	10В-100%


1-кесте. Ағылшын тілі пәні бойынша оқу үлгерімі

2022-2023 оқу жылында Түркістан НЗМ Ағылшын әдістемелік бірлестігі «Оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілдік және зерттеушілік дағдыларын дамыту» тақырыбына мән берді. Осы мақсатқа жету үшін кафедраның жұмысы әр түрлі бағытта ұйымдастырылды.

Ағылшын тілін меңгеруді жақсарту үшін кафедра екі негізгі құралды пайдаланды: қосымша сабақтар мен іс-шаралар, сонымен қатар ақпараттық қосымшалар және онлайн оқыту. Қосымша сабақтар мен іс-шаралар арқылы оқушылар ағылшын тілін қолдану мақсаты, идиомалар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, тыңдау, оқу сияқты тақырыптарды меңгеріп, тілдік дағдыларын тереңдету мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, ақпараттық қосымшаларды және Duolingo және Moodle сияқты онлайн оқыту платформаларын біріктіру оқушыларға қосымша ресурстар мен өздігінен оқу мүмкіндіктерін берді.

Таңғы жиын сабақтар 9 және 10-сыныптар үшін арнайы тілдік дағдылар мен тақырыптарды қарастыру арқылы өткізілді. 9-сынып сабақтарында ағылшын тілін қолдануға, идиомаларға, мақал-мәтелдерге, нақыл сөздерге, тыңдалымға, оқылымға бағытталған. 10-сынып сабақтары оқылым, тыңдалым, жазылым, ағылшын тілін қолдану мақсаты, IELTS емтиханына дайындық және сыртқы жиынтық бағалауды қамтыды. Бұл

мақсатты сессиялар әр сынып деңгейіне бейімделген жан-жақты тіл үйрену тәжірибесін қамтамасыз етті.



1 – сурет. IELTS емтиханына дайындық платформасы



Ағылшын тілі олимпиадасына бірнеше 9 және 10 сынып оқушы дайындалып, бір оқушы НЗМ желісі арасында 3-орынға қол жеткізіп, кафедраның дарынды оқушыларды тәрбиелеуге деген адалдығын көрсетті.

Ағылшын тілі кафедрасында «Movietime» шарасы енгізілді, онда оқушылар ағылшын тіліндегі фильмдерді субтитрсіз және аудармасыз көруге мүмкіндік алды. Бұл бастама тыңдап түсінуді жақсартуға және ауызша ағылшын тілін табиғи түсінуге ықпал етуге бағытталған.

Оқушылардың оқуына қосымша ресурстармен қамтамасыз ету үшін кафедра білім беру қолданбалары мен Duolingo және Moodle сияқты онлайн платформаларды енгізді. Бұл платформалар студенттерге қосымша материалдарға қол жеткізуге және интерактивті жаттығулармен айналысуға мүмкіндік берді, бұл олардың тілді меңгеру саяхатын одан әрі байыта түсті.

MOODLE мүмкіндіктері

- Онлайн курстар құру
- Тестілеу
- Форум және пікірлер
- Білім базасы
- Оқыту статистикасы

2 – сурет. Moodle платформасының мүмкіндіктері

Кафедра «Spellquiz» викторинасын ұйымдастырды, ол оқушыларға өздерінің тілдік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар бірнеше жетістіктерге

қол жеткізді. Оларға онлайн жиналыстар мен сабақтар, сөздік қорын анықтау, тыңдау дағдыларын жақсарту, деңгейлік тапсырмалар, орындалу барысын бақылау және онлайн жарыстарға қатысу мүмкіндіктері кірді. Spellquiz викторинасы тілдік дағдыларды арттырып қана қоймай, сонымен қатар оқушылар арасында салауатты бәсекелестік пен жеке тұлғаның өсуіне ықпал етті.

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі оқушылардың IELTS емтиханына дайындығын белсенді түрде қолдады. Британдық кеңес ұсынған онлайн ресурстар мен курстар арқылы оқушылар тапсырмалардың әртүрлі пішіміне, үлгерім бақылауына, тегін онлайн сабақтарына және тапсырмаларды қалай дұрыс орындау керектігі туралы нұсқауларға қол жеткізді. Бұл бастама уақытты тиімді басқаруға көмектесті және оқушыларды емтиханда жақсы нәтижеге жету үшін қажетті дағдылармен қамтамасыз етті.



3 – сурет. British Council сертификаттары


Тіл үйренуге көмектесу және жылдам аударуды жеңілдету үшін кафедра оқушыларға сөздер мен сөз тіркестерін он түрлі тілге аударуға мүмкіндік беретін Lingoclip құралын таныстырды. Сонымен қатар, Lingoclip өлеңдердегі сөздерді таңдау және теру арқылы аяқтау сияқты әрекеттерді қамтыды және студенттерге үлгерімін бақылай отырып, жаһандық деңгейде бәсекеге түсуге мүмкіндік берді.

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі 100% білім сапасын қамтамасыз етті, бұл мұғалімдердің адалдығы мен біліктілігін көрсетеді. Олардың оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге деген ұмтылысы, шетелдік оқу орындарымен ынтымақтасу және кәсіби даму бағдарламаларына қатысуы кафедраның табысты болуына ықпал етті.

Әдістемелік бірлестік оқыту стратегияларын жақсарту және өзге әріптестерді тиімді тарту үшін әртүрлі семинарлар мен шеберлік сабақтарын ұйымдастырды. Тақырыптар ағылшын тілін оқытудағы саралау стратегиялары, қоршаған ортаны қорғау, қиял, шығармашылық және жобалық оқытуды қамтыды. Бұл семинарлар мұғалімдерге интерактивті және ынталандырушы оқу ортасын құру үшін құнды түсініктер мен практикалық құралдар берді.

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі түрлі курстар мен семинарларға белсенді қатысты. Мұғалімдер «Біз бірге басқарамыз», «Табысқа жету қадамдары», «Ата-аналар мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты қалай түсінуге болады» сияқты курстарға қатысты. Сонымен қатар, олар Кембридж университеті мен Британ кеңесі ұсынған онлайн курстарды аяқтады. Бұл бастамалар олардың педагогикалық шеберлігін арттыруға және оқыту әдістемесін байытуға бағытталған.

Әдістемелік бірлестігі оқушыларды шешендік өнерге және дебаттық іс-шараларға тартып отырды. Оқушылар шешендік өнер және дебат жарыстарына қатысуға мүмкіндік алды, онда олар өздерінің коммуникативтік дағдылары мен сыни ойлау қабілеттерін көрсетті. Бұл іс-шаралар оқушылар арасында өз-өзіне деген сенімділікті арттырып, тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етті.



Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ студенттері мен магистранттарымен бірігіп өткізген Дебат

- Public speaking
- Debate

4 – сурет. Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ студенттері мен магистранттарымен бірігіп өткізген дебат

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі жобалық оқытумен (PBL) белсенді түрде айналысуда. Оқушылар Сан-Франциско университетімен және Лос-Анджелестегі The DaVinci мектебімен қоршаған ортаны қорғау және жеке даму сияқты әртүрлі тақырыптарға қатысты жобалар бойынша ынтымақтастық орнатты. Бұл жобалар оқушыларға өздерінің тілдік дағдыларын, сыни ойлауын және зерттеу қабілеттерін нақты әлем контекстінде қолдануға мүмкіндік берді, белсенді оқуға және мазмұнды қатысуға ықпал етті. Бұл серіктестік мектеппен біздің оқушылар жеке мотивация мен өнімділікке қатысты тақырыптарды зерттеген «Жалқау болуды тоқтат» жобасы бойынша мәдени алмасуға және ынтымақтастыққа ықпал етті. Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі жаһандық байланыстарды дамытуды және мәдениетаралық түсіністікті ілгерілетуді мақтан етеді.



Project based learning

- 1. Сан-Франциско Унтерситетімен бірлесе өткен жоба жұмысы.
- Күні: 21-желтоқсан.
- Сыныбы: 8
- 2: Stop being Lazy
- Лос-Анджелестегі DaVinci мектебінің көмегімен бірлесе жасалған.
- Күні: 22 ақпан, 2023
- Сыныбы: 9-10

5 – сурет. Сан-Франциско университетімен өткізген жоба жұмысы

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі Гарвард университетінің түлегі Хамада Захауи және Оңтүстік Калифорния университетінің түлегі Меруерт Рахманбердиева сияқты білікті тұлғалармен онлайн кездесулер ұйымдастырды. Бұл кездесулер оқушыларға өмір туралы түсінік алуға және шетелде оқуға мүмкіндік туралы ақпарат берді, олардың көзқарастарын кеңейтіп, жеке және академиялық жетістіктерге ұмтылуға шабыттандырды.



6 – сурет. Гарвард университетінің түлегі Хамада Захауи және Оңтүстік Калифорния университетінің түлегі Меруерт Рахманбердиевамен онлайн кездесулері

Әдістемелік бірлестік ғылыми жұмыстар мен конференцияларға белсенді қатысты. Оқытушылар Қ.А. Ясауи университетінің Филология факультетінің ұйымдастыруымен өткен «Шетел тіліндегі білім берудің өзекті мәселелері – 2023» конференциясында модераторлар мен баяндамашы болды.



7 – сурет. «Шетел тіліндегі білім берудің өзекті мәселелері – 2023» конференциясындағы сертификаттар

Сонымен қатар, олар эмоционалдық интеллект пен академиялық нәтиже арасындағы қарым-қатынасқа, сондай-ақ жобаға негізделген оқытудағы ақпараттың маңыздылығын пайымдау дағдыларын жақсартуға бағытталған Еуропалық білім беру зерттеулері конференциясында (ECER) 2023 жариялауға екі мақала жіберді және ол мақалалар қабылданды. Бұдан бөлек, кафедрамыздан бір мұғалім International House London мекемесінде CELTA курсына табысты аяқтап келді.



Conference Venue
and Local Organisers
University of Glasgow
Glasgow G12 8QQ

University
of Glasgow

European Conference on Educational Research, ECER 2023 Conference

- **ECER 2023 Конференциясы** баспасына 2 мақала шығаруға өтінім жіберілді және қабылданды.

- 1) **Мақала атауы:** Relationship between Emotional Intelligence and Academic Performance in Secondary Education
- 2) **Мақала атауы:** Enhancing the skills of judging information relevance while working with project-based learning

ECER 2023 Conference Dates

21 - 22 August 2023 - Emerging Researchers' Conference, ERC
22 - 25 August 2023 - European Conference on Educational Research, ECER

ERC and ECER will only take place in person at the University of Glasgow.

8 – сурет. Еуропалық білім беру зерттеулері конференциясындағы (ECER) 2023 мақалалары

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі мүғалімдері тәжірибе тарату мақсатында семинарлар өткізді.

Семинарлар

- Мұғалім: Аманбаева Айнура Махамбеталеевна
- Семинар тақырыбы: Differentiation strategies in teaching English
- Мастер класс: Protect the environment. Keep it green
- Өтілген күні: 1 қараша, 2022ж.
- Қатысқандар саны: 19 мұғалім

Семинарлар

- Мұғалім: Бекелшпирова Айгул Усербоевна
- Семинар тақырыбы: Multiple Intelligences - Using MI to make classes more interactive & interesting
- Мастер класс: Imagination and creativity
- Өтілген күні: 1 қараша, 2022ж.
- Қатысқандар саны: 19 мұғалім



9 – сурет. Тәжірибе тарату мақсатында өткізілген семинарлар

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі оқушылардың IELTS емтиханына дайындығына басымдық берді, нәтижесінде төрт мұғалім British Council ұсынған IELTS курсынан сәтті өтті. Бұл мұғалімдер 7,0 және 7,5 ұпай жинап, жақсы тілді меңгергендігін көрсетті, бұл олардың оқушыларға тиімді бағыт-бағдар беру және қолдау көрсету қабілетін одан әрі нығайтты.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні Түркістан қаласындағы зияткерлік ортаның қалыптасуына, қазақтілді емес сыныптарда қазақ тілін үйретуге, зиялы ортаның ұйысуына, тіл мәртебесінің артуына, оның дамуына көп септігін тигізеді. Мектептің жаңадан ашылғанын ескере отырып, біздің бірлестік мүшелері өңір ұстаздарының біліктілігін арттыруға, мектебімізде жүргізілетін жобаларды таныстыруға бар мүмкіндігін көрсетті.

Әдістемелік бірлестікте 6 мұғалім, **бесеуі мұғалім біліктілігінде болса, 1 мұғалім тағлымгер** болып жұмыс жасайды. 3 мұғалім- магистрант, 4 мұғалім С1 деңгейі бойынша сертификатталған. Бірлестік оқу жыл көлемінде **«Замануи әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың академиялық жазылым дағдыларын дамыту»** тақырып бойынша жұмыстар атқарды. Мақсаты:

- Аргументті және дискуссивті эссе жазуды үйрету;
- Өткізілген іс-шаралар туралы әлеуметтік желіге жарияланымдар жасау;
- Мақала жаза білуге баулу;
- Ғылыми жобалар жазуға үйрету

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі 2022 - 2023 оқу жылында жоғарыдағы проблемалық тақырып бойынша жұмыс атқарады. Осы проблемалық тақырып төңірегінде әр мұғалім алдына мақсат, міндет қоя отырып оны шешудің жолдары мен әдіс - тәсілдерін әдістеме бірлестігі отырысына талқыға салып мақсатқа бағытталған әдістерді меңгеру арқылы білім алушылардың білімін арттыру жолында бірлесе жұмыс атқарды.

2022 жылдың 26-30 қыркүйек аралығында **«Қазақ тілінің жаңа кеңістігі»** апталығы өткізілді. Апталық барысында **«TEDx»**, **«Қазақша Уикипедия»**, **«Оқырмандар клубы»** жобаларының таныстырылымы мен байқаулар, ат өнерін дәріптеу сағаттары мен дебат клубы жұмысы өткізілді. Алайда оқушылардың санаулы бөлігі ғана ісшараларға қатыстрылды. Жалпы аудиторияны қамтитын, оқушылардың әртүрлі дағдыларын арттыратын шаралар өткізілмеді. Сондай-ақ келесі оқу жылында пәнді басқа пәндермен кіріктіре өту, заманауи тәсілдерді қолдану, оқу мақсаттарына негізделген семинар сабақтар мен шебер сыныптар жоспарланып отыр.

Апталық аясында А. Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі мен қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша педагогикалық идеяларын насихаттау, ғалымның қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы еңбектерін оқу үдерісіне енгізу бойынша өзара тәжірибе алмасу мақсатында Түркістан, Кентау қалалық, Сауран және Сайрам, Отырар аудандарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне **«Ұлт ұстазының ұлы мұрасы тақырыбында»** семинар-практикум өткізілді. Семинар барысында мұғалімдер ашық сабақтар мен шебер сыныптар көрсетті (Кесте №43)

№	Ашық сабақтар тақырыбы	Сыныбы	Жауапты
1	Ақан Сері (Ақжігіт) Қорамсаулы «Күлагер» өлеңі.	10 А	Есбалаева Р.Ж.
2	Ахмет Байтұрсынұлы және тіл	10 В	Баяндиева Д.М. Өтеген Д.А.
3	Сөз өнері	8А	Дархан Ш.Е. Дүкенбай Б.Ә.
4	Сөйлеу мәдениеті	9 А	Тенгебаева А.С.
5	Шешендік дау	7 А	Нышанбеков Ө.Н.

46 – кесте. Өткізілген ашық сабақтар тізімі

Мектеп бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің білім сапасы **98,7** пайызды, қазақ тілді емес сыныптарда **90,3** пайызды құрайды. Қазақ тілді емес сыныптардағы қиындықтар төмендегідей сараланды:

- Т2 сыныптарының қазақ тілін түсінбеуі;
- Т2 сыныптарының айтылым және жазылым дағдыларының төмендігі;
- Оқушылармен қосымша сабақтардың жүйеленбеуі.

Қазақ тілін түсінуде қиындық тудыратын оқушылар тізімі (44-кесте)

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пән мұғалімі
1	Батталов Дамир	8К	Тенгебаева Ә.С.
2	Жиенкулов Ерасыл	10К	Тенгебаева Ә.С.
3	Ислам Шалабаев	9 К	Тенгебаева Ә.С.
4	Ким Роберт	7 К	Баяндиева Д.М
5	Санвар Дініслам	7 К	Нышанбек Ө.Н
6	Турсуметов Алимардан	7 К	Нышанбек Ө.Н
7	Таскарина Інжу	8 L	Баяндиева Д.М
8	Кеңес Ардак	8 L	Баяндиева Д.М

47 – кесте. Қазақ тілін түсінуде қиындық тудыратын оқушылар

Қазақ тілін үйрену үшін құрылған клуб жұмысы уақыттың тапшылығы мен жүктеменің тым көптігінен жүйеленбеді.

Қыркүйек айында 8-10 сынып оқушылар **тілдер бойынша мониторингтен** өтті. Мониторинг нәтижесі бойынша оқушылардың оқу үлгеріміндегі олқылықтар анықталды. Мониторинг тапсырмалары өткен оқу жылында қарастырылған оқыту мақсаттарын (тақырыптарды) іріктеп алынған. Қазақ тілі пәнінен 8-10- сыныптар көрсеткіші төмендегідей:

Сыныптар	8	9	10
Оқушы саны	92	25	46
Көрсеткіш	73,5	70,4	79,2

48 – кесте. Тілдер бойынша өткен мониторингтің көрсеткіші

Оқушылардың жетістіктері. Ғылыми жобалар мен олимпиадалар

Оқушылардың мектепшілік олимпиадасы 2022 жылдың қазан айында өткізілді. Оған мектептің 7-10 сынып оқушылары арасынан 70-ке жуық оқушы қатысты. Пән бойынша оқушылардың олимпиадалық резерв мектебі құрылды. 2023 жылдың ақпан айында НЗМ бойынша өткізілген желілік пән олимпиадасын 10-сыныптан Матанова Саламат қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша, Жумадилаева Нигора 7-сынып оқитынына қарамастан орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәні бойынша 10-сыныптарға қатысып, жүлделі 3-орынға ие болды. Аталған пән бойынша оқушылардың Т2 сыныптары бойынша мүмкіншілігі ескеріліп, келесі оқу жылында оқушылардың қатысу пайызын көтеру жоспарлануда. Сондай-ақ Т1 бойынша оқушылардың әдеби эссе жазуын, оларға сәйкес шығармадан дәлелдер келтіре отрып, оқушыны анализдеуге дағдыландыру жұмысын жүйелеу қажеттілігін көрсетті.

Ғылыми жобалар бойынша қыркүйек айында «Дарын» РҒПО-ның өткізген аймақтық іріктеуінен 10-сынып оқушысы Матанова Саламат «Қазақша подкастардың тілдік ерекшелігі» тақырыбындағы жұмысы өткізіліп, 2-4 қараша күндері Алматы қаласында өткен ғылыми жобалар жарысында жүлделі 3-орынға ие болды. Республикалық кезеңге де өтіп, сертификат иеленді.

Абай мектептері РММИ желісі өткізген «Мен Қазақстанды не үшін сүйемін?» республикалық шығарма жазу байқауында 10-сыныптар бойынша қатысқан Сүйіндік Асылзат 1-орынды иеленсе, 11-сыныптар бойынша қатысқан Жарылқап Аружан жүлделі 2-орынды иеленді.

Сәуір айында өткізілген мектепшілік ғылыми жобалар жарысына 19 жұмыс қатыстырылды. Іріктеу нәтижесінде I-орын-1, II орын-3, III орын -3, 3 жұмыс алғыс хатпен марапатталды. Аталған орын иелерінің ғылыми жобалары «Дарын» республикалық ғылыми жобалар жарысының іріктеу кезеңіне қатыстырылатын болады.

Желілік байқаулар. Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын ояту, олардың аудиториямен байланыс орната білу қабілетін дамыту мақсатында Ақтау қаласы ХББ «Ұлы дала ақындары» әлеуметтік жобасы аясында М.Жұмабаев шығармашылығына арналған әдеби шығармашылық байқауы, Шымкент қаласы ХББ НЗМ өткізген «Бірге оқиық» буктрейллер байқауы, Павлодар қаласы өткізген «Замандастар жырлары» жобасы аясында ұйымдастырылған «Жергілікті ақын-жазушы» туралы репортаждар байқауы, Талдықорған қаласы өткізген Ғ. Мұстафиннің 120 жылдығына арналған «Дүбірлі дәуір жаршысы» мақалалар байқауы, Көкшетау қаласы ФМБ НЗМ Мағжан Жұмабаевты еске алуға арналған желілік айтыс, Өскемен қаласындағы ХББ НЗМ өткізген «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» жобасы аясында «Мақалмен өрілген қырық мысал» желілік иллюстрация сайысына қатысып оқушыларымыз 15 жүлделі орынға ие болды.

Кәсіби саладағы жетістіктер

А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ұлт ұстазының ұлы мұрасы» атты облыстық семинарда Есбалаева Р.Ж. «Әдебиет пәнін оқытудағы ғалым еңбегін сабақтастырып өту тәсілдері» атты баяндама жасап, «Білім берудегі жаңа тренд, жаңаша көзқарас» жас ұстаздар форумында «TEDx» жобасы бойынша Баяндиева Д.М. шебер сынып өткізді. Отырар ауданы мұғалімдері үшін Есбалаева Р.Ж. «Көркем мәтін және оны талдау жолдары» атты семинар, Тенгебаева Ә.С «Қазақша Уикипедия», Дархан Ш.Е. «TEDx» жобасы бойынша шебер сыныптар өткізді.

«Даналық бейсенбі» жобасы аясында «Исабеков әлемі: Жазушы және өмір» жазушы Д.Исабековпен онлайн кездесу, Р.Кенжеханмен сұхбат, Б.Сердәлінің ән әлеміне саяхат тәрбиелік шаралары өткізілді.

Бірлестік жетекшісі Баяндиева Д.М бастамасымен «**TEDx алаңындағы педагогикалық идеялар**» жобасы тоқсан сайын педагогтар арасында жүйелі түрде өткізілді. Мұғалімдер өздерінің сабақтағы немесе кәсібіндегі тәжірибелерімен бөлісті. Осы арқылы әр мұғалім өзіне қажетті ақпараттарды, әдістерді үйренді.

Мұғалімдердің кәсіби өсу және рухани дамуына бағытталған «**Оқырмандар клубы**» қаңтардан бастап өз жұмысын жүргізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінен бөлек ортада әдеби, педагогикалық ғылыми еңбектер насихатталды. Ш. Мұртазаның «Дәрігердің үш қаруы», Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», Т. Жолдасбекқызының «Сөз», Б.Соқпақбаевтың «Ергежейлі еліне саяхат», Қабдеш Жұмаділдің «Академиктің көз жасы» сынды шығармалары талданды. Әр түрлі пән мұғалімдерінен құралған клуб жұмысын алдағы уақытта қала мектептеріне тарату жоспарда бар.

Сондай-ақ мектеп оқушыларының зияткерлік әлеуетін арттыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын көтеру мақсатында «**Парасат**» зияткерлік ойындары өткізілді. Ойынға әр сыныптан 6 оқушы, жалпы 144 оқушы қатыстырылды. Ойын оқушылар арасында үлкен танымалдылыққа ие болды. Интроверт оқушылар өздерін көрсете алды, басқа іс-шараға қатыспайтын оқушылар қатыстырылды.

Дәстүрлі түрде өткізілетін «**Тұлға болам**» кітап оқу бәйгесіне 81 оқушы қатыстырылды. (9-сынып- 21, 8-сынып-37, 7-сынып – 23) Оқушылар Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», Д.Исабековтің «Ескерткіш», Ғ. Мүсірепов «Ананың анасы», Т.

Жолдасбекқызы «Сөз» шығармаларын оқып, тест тапсырды. Үздік оқушыларға мадақтамалар мен ақшалай сыйлық табысталды.

«Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық сананың этнодеформациялануы», «Көркем шығарманы талдау және оның түрлері», «Қазақ прозасында жерлеу рәсімінің бейнеленуі және этнодеформация», «Интермәтін. Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі психологиялық шиеленістер» тақырыбында Есбалаева Р.Ж. мақалалары түрлі басылымдарда жарық көрді.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру, курстар мен семинарлар

Оқушыларды СЖБ-ға дайындау үшін Шымкент ХББ НЗМ мұғалімі Қарлығаш Ораловна, Шымкент ФМБ мұғалімі Салима Турлыбекова және Қызылорда НЗМ-дан Гүлжаһан Жолдасқызы әдістемелік көмек көрсетті. Ресурстар, емтихандардың жоба нұсқалары, оқушылардың жұмыстарынан талдама үлгілері берілді.

Бірлестік мұғалімдері «Как предотвратить насилие, травлю и кибербуллинг в школе», «Как достичь понимания между родителями и детьми - подростками» курстарынан өтіп, сертификатталды. Баяндиева Д.М «Оқыту тәжірибесін жетілдірудегі мектеп педагогтарының аналитикалық құзыреттілігі» курсы бойынша сертификатталды.

Мұғалімдер арасындағы байқаулар мен конкурстар

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Педагогикалық тәжірибемдегі Ахмет Байтұрсынұлының идеялары» панаромалық сабағы конкурсы онлайн өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Баяндиева Д.М. қатысып, 2-орын иеленді. 26 желтоқсан күні өткен «Жыл мұғалімі -2022» байқауына Дархан Ш.Е. қатысып, 1-орын иеленді. Мектепте өткізілген «Кәсіби өсу: мүмкіндіктер мен кедергілер» педагогикалық идеялар алаңында Баяндиева Д.М, Есбалаева Р.Ж. «Үздік спикер» атанып, кітап алу сертификатына ие болды.

Мектеп жұмысына белесене араласып, мектеп оқушыларын зерттеу жұмыстарына баулу, ғылыми-әдістемелік тәжірибе таратқаны үшін Дархан Ш.Е, Баяндиева Д.М. мектеп директорының алғыс хатымен, желілік байқауларға жоғары дайындықпен қатыстырғаны үшін бірлестік мұғалімдер алғыс хатпен марапатталды.

Қорытынды

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі оқы жылына белгіленген жоспардың 70 % орындады. Қоғамдық түрлі іс-шаралар, мектептің педагогтары мен оқушылары белсенділік танытқан байқаулар мен клуб жұмыстарын өткізді. Өткілген шаралар көпшілік тарапынан үлкен қолдауға ие болды, әлеуметтік желілерге жарияланды.

Бірлестік түрлі зерделеу мен сабаққа ену барысында пән мұғалімдерінің сабақ жоспарын жасауда, бағалау тапсырмаларын құрастыруда қиналатын тұстары байқалды. Мектептің тәжірибелі мамандары және «Педагогикалық өлшеулер орталығы» мамандарының өткізген семинарларының нәтижесінде өзгерістер байқалады. СЖБ жұмыстарының бағалауына қатысқан Есбалаева Р., Дархан Ш., Баяндиева Д. кері байланыстың, оқушы жұмысын бағалаудың маңызын түсінді. Алдағы оқу жылында бірлестік өз алдына үлкен міндеттер қойып отыр:

Білім беру және оқыту

- Білім беру сапасын арттыру;
- Өз қолтаңбасымен жасалған ҚМЖ ресурстар банкі толықтыру;
- Өзара сабаққа енуді күшейту;
- Сабақты және оқушыны зерттеуді жүргізу;
- Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалар құрастыруды жүйелеу

Кәсіби даму және өсу

- IELTS тапсыру;
- Сабақты зерттеу бойынша педагогикалық журналдарға мақала беру;

- Кафедраның журналын жарыққа шығару;
- Өңір ұстаздарымен жүргізілетін жобаларды дамыту.

Тәрбие беру және құндылық

- Ата-аналармен бірлесіп құндылықтар талқысын өткізу;
- Үйірмелер мен жобаларды қалалық, облыстық деңгейге көтеру;
- 10-сыныптардың жұмыстары негізінде «Құнды әңгімелер» жинағын шығару.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі тәрбие жұмысы ДББҰ 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы бойынша «Мәңгілік ел» құндылықтары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде оқу және тәрбие жұмысын біріктіретін біртұтас білім беру үдерісі жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың бірегей жүйесі құрылып, әлеуметтік жобалар жүзеге асырылуда. «Шаңырақ» мектеп қауымдастығы, «Туған елге тағзым» өлкетанулық-зерттеу экспедициясы, «Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап», «Қазақ әндері», «100 күйдің тарихы», «2 апта ауылда», «Ата-ананың жұмыс орнындағы 10 күн», «Таратуға тұрарлық идея» форматындағы «TEDx NIS», «Wikipedia» клубтары, «Даналық бейсенбі», «Қазақ әндері», «100 күйдің тарихы», «Замандастар жырлары», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Ұлы Дала ақындары», «Қоғамға қызмет», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» тәрбиелік жобалары іске асырылады. Бұл жобалар оқушылардың бойында елжандылық, азаматтық жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, еліміздің тарихы мен мәдени мұрасымен жақынырақ таныстыруға бағытталған.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ:

1 бағыт- Патриоттық тәрбие. Мақсаты: Оқушыларды елін-жерін сүйуге, Отанын қорғауға, мемлекеттің Ата заңы мен рәміздерін ,тарихын құрметтеуге, өз құқығын қорғай білуге тәрбиелеу

2 бағыт - Зияткерлік тәрбие. Мақсаты: Оқушы бойында көшбасшылық қабілет қалыптастырып, логикалық ойлау қабілетін, ой-санасын, шығармашылық және зеректік қабілетін дамытып, таным-түсінігін кеңейту

3 бағыт - Рухани–адамгершілік тәрбие. Мақсаты: Оқушыларды сүйіспеншілікке, адамгершілік әдептерге, сыйластыққа, қамқор болуға, адамдық асыл қасиеттерге тәрбиелеу және қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

4 бағыт-Физикалық-психологиялық тәрбие. Мақсаты: Ата-ана, оқушы, ұстаздар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай тәрбиелеу


5 бағыт-Полимәдени даму. Мақсаты: Оқушылардың бойында өнердегі және өмірдегі эстетикалық көзқарасты дамыту, қоғамды құрайтын әлеуметтік және этникалық құрылысты ажырата білуге тәрбиелеу

6-бағыт Көркем-эстетикалық тұрғыдан дамыту. Мақсаты: Әдеп-иба, ар-ождан деген құнды дүниелерді бала бойына сіңіру

7-бағыт Көшбасшылық қабілетін дамыту. Мақсаты: Кез-келген ортада қол да, сөз де бастай алатын, өз-өзіне сенімді, алға қойған мақсаттары айқын тұлғаны қалыптастыру.

Қамқоршылық кеңес отырысы.

2022 жылы желтоқсанда мектебімізде Қамқоршылық кеңестің алғашқы отырысы өтті. Аталған басқосуға Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Оразкүл Қолдасова, облысқа қарасты Сауран ауданы әкімі аппараттының басшысы Дәулет Құдияров, қаладағы «Этноауыл» жобасын ұйымдастырушы Айко Төкен, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің академиялық және ғылыми қызмет жөніндегі вице ректоры Култай Адилова мен Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры Жанар Темірбекова онлайн трансляция арқылы қатысты. Сонымен қатар, ата-аналар мен оқушылар және мектеп ұжымы да қатысты. Қамқоршылық кеңес мектеп өмірін сапалы өзгертуге және дамуына көмек көрсету мақсатында құрылады. Білім беру мекемесінің мүддесі үшін жасалатын өз қызметінің жоспарларын әзірлеу және іске асыру, іс-шаралар мен жобаларды өткізуге жәрдемдесу, материалдық-техникалық базаны нығайту қамқоршылық кеңес міндеттеріне кіреді. Жиында мектеп директоры Балқан Касимов спикер болып, басқосудың күн тәртібінде қаралатын мәселелер мен 1 жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқталды.



24-сурет. Қамқоршылық кеңес отырысы

«365 күн» мектебіміздің 1 жылдық концерті

Рухани астана төріндегі Назарбаев Зияткерлік мектебінің ашылғанына 1 жыл толуына орай білім ошағында «Зияткерлер ордасында 365 күн» атты мерекелік концерт өтті. Салтанатты жиынға оқу ордасымен серіктес мекемелердің басшылары мен өкілдері құрметті қонақ ретінде шақырылды. Олар: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры Жанар Темирбекова, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің ректоры Айдос Мерекеұлы, Шымкенттегі химия-биология бағытындағы NIS-тің директоры Қайырбек Сабитұлы мен мектеп ұжымы, №28 ІТ мектеп-лицейінің директоры Лаззат Жаналықызы сондай-ақ, қамқоршылық кеңестің мүшелері мен ата-аналар мерекелік шараға қатысты. Зияткерлік оқу ордасының табалдырығын аттаған әр қонақ алдымен, оқушылардың өздері жасаған қолөнер бұйымдары, ғылыми макеттері мен жобалары, картиналары мен қыш ыдыстары қойылған көрмені тамашалады.



25-сурет. Мектептің 1-жылдық туған күні

«Күн сәулесі» станциясының ашылу салтанаты

Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде күн көзінен қуат алатын электр станциясы іске қосылды. Бұл NIS пен «Шелл» компаниясының «Мектептерге күн энергиясы» бірлескен жобасы аясында жүзеге асты. Күн станциясының ашылу салтанатына Түркістан қаласының әкімі Нұрбол Тұрашбеков, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин, NIS Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Күләш Шәмшидинова мен «Шелл» компаниясының Таяу Шығыс, Солтүстік Африка және ТМД елдері бойынша корпоративтік қатынастар жөніндегі вице-президенті Джоанна Кунзберг қатысты.



26-сурет. «Күн сәулесі» станциясының ашылу

«МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫМЫЗ»

Зияткерлік оқу ордасының бір жылдық белестерін көпшілікке танытқан, тәрбие жобаларының үздіксіз қарқынды жұмысын көрсеткен «Мәңгілік елдің ұрпағымыз» атты есеп беру концерті өтті. Аталған мәдени шара алдағы мереке күндеріне де арналып өткізіліп отыр. Салтанатты шара басталмастан бұрын кеш қонақтары «Шеберлер ауылы» қол өнер алаңында зияткер оқушылардың өздері жасаған қолөнер бұйымдары мен көркемсуреттерімен танысып, сондай-ақ оқушылардың түрлі бағыттағы (ғылыми, эко, әлеуметтік, әдеби, анимация т.б) жобаларын көріп көрме қойылып, ерекше танданыстарын жеткізді.



27-сурет. Жылдық есеп концерті

«Берік отбасы» жобасы

Түркістандағы NIS-те «Берік отбасы» жобасы басталды. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі ауқымды жобалардың бірі «Берік отбасы» жобасы Түркістандағы NIS-те бастау алды. 35-тен астам елде өз тиімділігін дәлелдеген «Берік отбасы» халықаралық жобасы 2018 жылдан бері Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылуда. Жоба мақсаты – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтарға – отбасы құндылығын сақтауға, ата-аналарға/қамқоршыларға балаларына қолдау көрсете білуді, күн тәртібін бұзбай, бала тәрбиесімен айналысуға икемдеуді, сонымен қатар балалардың болашаққа деген сенімін арттырып, олардың ата-анасымен жақсы қарым-қатынас орнатуына жол ашу, жасөспірімдерді күйзеліспен күресуге және құрдастары тарапынан болатын қысымды жеңіп шығуға тәрбиелейді.



28-сурет. «Берік отбасы» жобасынан көрініс

SPORT FEST - СПОРТ АЙЛЫҒЫ

Айтулы дата қарсаңында Түркістандағы NIS-те салауатты өмір салтын ұстануға бейімдейтін «Спорт айлығы» бастау алды. Спорт айлығы аясында Зияткерлік мектеп ұжымы мен ата-аналар және Халықаралық туризм және меймандостық университеті ұстаздары арасында футболдан жолдастық кездесу ойындары өткізілді. Спорт айлығында ата-аналар мен ұстаздар арасында өткізілген волейбол және үстел теннис ойындары ұйымдастырылды. Айта кетсек бұл іс-шара ата-ана мен ұстаздар арасындағы ауызбірішілік пен ұйымшылдықты арттыру мақсатында өткізілді. Түркістандағы NIS-те жаңа қарқынмен басталған спорт айлығы «Толағай» отбасылық сайысы және шахмат ойыны арқылы жабылды.



28-сурет. «Толағай» отбасылық сайысы

«Өнерлі отбасы» байқауы

NIS желісінде отбасылық құндылықтарды дәріптейтін және отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту мақсатында көптеген жобалар өткізіледі. Ата-аналар арасында спорттық жарыстар мен мерекелік концерттерде құрметті қонақ ретінде қатысып, ән айтып өз белсенділіктерін танытып жатады. Осы орайда «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында «Өнерлі отбасы» байқауы өтті.



29-сурет. «Өнерлі отбасы» байқауы

«Бабамыздың үнісің сен – домбыра» атты домбыра сабағы

Зияткерлік оқу ордасында «Қазақтың 100 күйі» жобасы аясында халқымыздың асыл мұрасы қасиетті домбыра аспабын дәріптеу мақсатында «Бабамыздың үнісің сен – домбыра» атты домбыра сабағы өтті. Айта кетейік аталмыш шара барлық Зияткерлік мектептерде желілік түрде өткізіліп отыр. Сонымен қатар ашық сабаққа Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ студенттерінен құралған «Сарқыт» этно-фольклорлық ансамблы қатысты. Қазақ халқының мәдениетінде өзіндік орны бар домбыраның шығу тарихынан бастап, және XVIII-XIX ғасырдағы домбыраның даму тарихы мен өткен ғасырдың алғашқы жарты жылдығында домбыра тарихындағы елеулі өзгерістерге дейін қамтыған ашық сабақта оқушылар тың ақпараттармен таныс болды.



30-сурет. «Бабамыздың үнісің сен - домбыра» атты домбыра сабағы

2023-2024 оқу жылына жоспар

1. Педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың және тәрбиешілердің біліктілігін көтеру;
2. Тілдік дағдыларын көтеру; /ағылшын курстарына қатысу/; КазТЕСТ 70% +
3. Клубтық жұмыстар бойынша зерттеу жүргізу, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ алу;
4. Серіктес мектептермен тығыз байланыс орнату, тәрбие жобаларымен тәжірибе алмасу;
5. Үйірме жұмыстары арқылы оқушылардың HARD және SOFT дағдыларын дамыту;
6. CIS Халықаралық аккредиттеуден өтуге қажетті тәрбие бағытының материалдар базасын құру;
7. Тәрбие бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын көбейту, халықаралық жарыстардан орын алу;
8. Әлеуметтік жобалар бойынша зерттеу жұмысын жүргізу, халықаралық жетістікке жеткізу;
9. Мектепті ЮНЕСКО Клубы мүшелігіне енгізу.
10. Оқушылардың тәрбие жобаларына белсене қатысқандығын анықтау мақсатында оқушының жеке траекториясын жасақтау.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Түркістан қаласы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» жыл соңында балалар саны 404 оқушыны құрады. Мектепте жыл бойы емдеу-алдын алу жұмыстары, тексерулер, профилактикалық егулер, науқас балаларды амбулаториялық қабылдау, санитарлық-медициналық ағарту жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді 7-8-9-10 сынып оқушыларына мектеп ішілік профилактикалық тексеруден өткізілді.

Профилактикалық тексеру кезінде анықталғандар: Семіздік-7 оқушы; Сколиоз -9 оқушы; Салмақ аздық-8 оқушы; Кеуде қуысының деформациясы -2 оқушы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерден - 283 оқушы жергілікті жері бойынша тіркелген емханадан өтті.

	Жоспар	Тексерілгені	Бірінші рет
Аймақтық дәрігер	404	288	70%
Хирург	107	75	70%
ЛОР	107	75	70%
Окулист	258	187	72%
Невропатолог	107	75	70%
Эндокринолог	258	187	72%
Жалпы	404	288	71%

49 – кесте. 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жасындағы балаларды, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексеру есебі

№ ҚР ДСМ- 214/2020 «туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидалары» бұйрығына сәйкес 15 жасқа дейінгі балаларға Манту сынамасын жүргізу, 15-17 жастағы оқушыларға флюорографиялық зерттеуден өтуге сәйкес оқушылар бекітілген жері бойынша тіркелген емханадан өтіп келді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а 2018 жылғы 13 маусымдағы №361 бұйрығы «Халыққа профилактикалық егуді жүргізу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» сәйкес АДС-М вакцинация жүргізу.

Екпе түрі	Жоспар	Жасалғаны	Пайыз %	Бас тарту
АДС-М	55	5	9%	4

50 – кесте. АДС-М вакцинация жүргізу есебі

Диспансерлік есепте:

Оқу жылының соңында «Д» есебінде 47 оқушы қалды.

№	Аурулардың нозологиясы	Саны
1	Қан және қан айналымы органдары	2
2	Несеп-жыныс жүйесі мүшелерінің	1
3	Тыныс алу органдары	1
4	Эндокриндік жүйе	1
5	Орташа және жоғары дәрежелі Миопия	29
6	Тірек-қимыл жүйесі	5

7	Тері аурулары	0
8	Аллергия	2
9	Жүйке жүйесі аурулары (ДЦП-1)	2
10	Құлақ аурулары	1
11	Жүрек-тамыр жүйесі аурулары (ВПС)	3
	Жалпы	47

51 – кесте. Диспансерлік есептегі оқушылар тізімі

Мүгедектікпен «Д» есепте:

№	Аты-жөні	Туған жылы	Сыныбы	Диагнозы
1	Мұсабаев Нұртас	2008	8 В	ДЦП

52 – кесте. Мүгедектік «Д» есептегі оқушылар тізімі

Емдеу жұмысы:

2022-2023 оқу жылында 696 оқушыға алғашқы көмек көрсетілді. Сондай-ақ олар суық тию туралы шағымдармен медициналық бөлімге жүгінді.



31-сурет. Күнделікті ауырып келген оқушылар есебі

2022-2023 оқу жыл аралығында 27 оқушы жеңіл және ауыр жарақат алды.



32-сурет. Жарақат алған оқушылардың сыныптар бойынша жіктелуі

Оқу мерзіміндегі емханада емделіп ем алғаны туралы анықтамалар бойынша оқушылардың аурушаңдығы 26 жағдайды құрады:

Ауру	Саны
Тері аурулары	3
Жоғарғы-тыныс жолдарының аурулары	16
Көз аурулары	1
Жарақаттар	3
Ас қорыту органдары	12
Несеп бүйрек жолдарының аурулары	1
Жалпы	26

53 – кесте. Анықтамалар бойынша аурушаңдық тізімі

7-8-9 сынып оқушыларына өткізілген тренингтер

- Алғашқы көмек көрсету 23.09.2022ж.;
- Салауатты өмір салтын ұстану,сапалы тамақтану. 27.10.2022ж
- Жеке бас гигиенасы 15.10.2022ж
- Жасөспірім жастағы жыныстық ерекшеліктер. 15.02.2023ж




33-сурет. 7-8-9 сынып оқушыларына өткізілген тренингтер

1-желтоқсан Халықаралық ЖИТС-пен (СПИД) күресу күніне арналған ашық күні өткізілді.

Мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған ЖИТС (СПИД) дертінің алдын алу, оның жұғу жолдарын, одан сақтану, қорғана білу туралы түсіндіру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

27.03.2023ж «Туберкулез ауруының алдын алу» тақырыбында 7 сынып оқушыларына сабақ өткізілді.



34-сурет. «Туберкулез ауруының алдын алу» тақырыбында өткізілген сабақ

Мектеп оқушыларымен бірге бірлесе отырып «Ұн тағамдарының пайдасымен зияны», «Дәрумендер», «Ет өнімдерінің маңыздылығы», «Диетаның пайдасы мен зияны» тақырыптарында 8 және 9 сынып оқушылармен презентация жасалып семинар өтті. Көктем айында шығатын улы жәндіктерден қорғану, сақтану жолдары (кене, жылан, қара күрт) тақырыпта сабақ өткізілді. (13.04.2023ж)

2023-2024 оқу жылына жоспар:

1. Мектепті жаңа оқу жылына санитарлық-эпидемиологиялық тазалау жұмыстарының өткізілуін қадағалау, дайындау.
2. 7 сынып оқушыларының медициналық құжаттарын қабылдау.
3. Дәрі дәрмектердің және медициналық қобдишалардың сақталу мерзімдерін қадағалап тексеру.
4. Мектеп қызметкерлерін медициналық санитарлық профилактикалық тексеруден өтуін қадағалау.
5. Мектеп ұжымына және оқушыларға “Алғашқы көмек” тақырыбында дәріс өту.
6. Әр тоқсан сайын оқушыларды медициналық профилактикалық санитарлық тексеруден өткізу.
7. Диспансерлік есептегі оқушылармен және тексеру барысында анықталған аурулармен жұмыс жасау.
8. Кезеңдік инфекциялық аурулар туындайтын мезгілдерде (семинар, тренинг, сабақтар) өткізіп отыру.
9. Оқушыларды ФЛГ, профилактикалық екепеден және халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексеруден жоспарлап өткізу.

МЕКТЕП ЖАТАҚХАНАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Оқу жылында тәрбиенің жеті бағытын негізге ала отырып, өмір бойы оқуға, еңбекке баулуға талпынған, бойындағы алғыр білімдері адамгершілік қасиеттерімен ұштасқан зияткер жастарды тәрбиелеуді басты мақсат етіп қойдық. Жыл бойында жылдық жоспарға сәйкес жұмыстарды атқардық.

Жатақхана қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі артты, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда тәрбиешілер жатақхана жұмысын ұйымдастыруда қомақты тәжірибе жинақтағанын көрсетті.

Оқушылардың қоғамдық жұмыстарға өз бастамашылықтарын көрсетіп, ұйымдастыруда белсенділік танытып отырды.

Ата-аналардың іс-шараларға қатысу белсенділігі өсті, олар жатақхананың қоғамдық жұмысына мүмкіндігінше қатысуға тырысты.

Мектеп психологтары оқушылар мен тәрбиешілерге бірнеше психологиялық кеңес беру мен ағарту, психокоррекциялық және дамытушылық жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың өзіне деген сенімділігі артты.

Қиындықтар:

Жатақхана оқушылары алыс аудандардан келгендіктен, ата-аналармен жүзбе-жүз жиірек әңгімелесіп, ортақ мәселелерді талқылауда қиындықтар кездесті;

Тәрбиешілер оқушылардың пән сабақтарына жұмыс кестесіне байланысты жиі қатыса алмады.

Төменгі сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделу кезінде қиындықтар кездесті.

Іс-шараларға барлық оқушылар толығымен қатыса алмауы.

Үлкен сыныптардың кешкі уақытта ертеңгі сабақтарының ауқымы көптігінен уақытылы ұйқыға жата алмауы

Жаңа 2023-2024 оқу жылына ұсыныстар:

1. Жатақханамыздың өзін-өзі басқару ұйымы сыртқы жастар ұйымдарымен ынтымақтастығын нығайту.
2. «Еңбекке баулуды насихаттау» бойынша жұмыстарды көбейту.
3. Озат педагогикалық тәжірибені және басқару құжаттарының талаптарын әрі қарай зерттеп, тәрбие үдерісіне енгізу.
4. Жатақхана қызметкерлері арасында олардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында соңғы психология және педагогикаға байланысты заманауи әдебиеттерді оқып, әр айдың бірінші дүйсенбісінде талқылау.
5. Жатақхананың тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жаңа жобалар, тың ізденістерді енгізу.
6. Жатақхана жұмысының маңызды бағыттарына бейне баян нұсқаулықтарды дайындау (ішкі тәртіп ережесі, медициналық, ТБ).
7. Ата-аналармен педагогикалық- психологиялық «Бақытты отбасы болу маған байланысты...» бағдарламасын психологтармен, ата-аналармен бірлесе отырып айына бір рет ұйымдастыру.
8. Кәсіби бағдар беру жөніндегі кеңесші маманмен, психологпен бірлесе отырып, «Мен таңдаған мамандық» бағдарламасын жасап, жыл бойы басқа мектептермен скайп конференциялар, түрлі форматтағы кездесулер өткізу.
9. Оқушы ұсынысы мен талап-тілегін сауалнамалар арқылы анықтап, тәрбиелік іс-шараларда үйлестіріп қолдану.
10. Тәрбиешілердің жеке кәсіби даму мақсатын жаңа оқу жылына анықтап талқылап бекіту.
11. Тәрбиешілерге тәрбие жобалар бекіту.
12. Тәрбиешілер жаңа жобалар мен үйірмелерді ұйымдастыру.
13. Кітапханамен айына екі рет іс-шаралар тізбегін ұйымдастыру.

14. Тәрбиешілердің қосымша республикалық Дарын орталығымен бірігіп түрлі тақырыптарда қосымша білімін жетілдіру.
15. Топтың тәрбиешілері әр оқушының үйлеріне қатынап, отбасындағы тәрбиесін зерттеп, талдау жасау арқылы оқушыға психологиялық тұрғыдан көмек көрсету.

2023-2024 оқу жылына жоспар

11. Жаңа оқу жылында оқушылардың жаңа ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында іс-шаралар, ойындар, тренингтер өткізу.
12. Кураторлық сағаттарды тиімді ұйымдастыру және тәжірибе алмасу арқылы біліктілікті арттыру.
13. «Қоғамға қызмет» жобасы аясында қайырымдылық шараларына оқушылармен қатар ата-аналарды да қатыстыру.
14. «Жаһандық азаматтық» жобасын оқушылар арасында кеңінен жүргізу.
15. «Әкелер алқасы» жобасында ауқымды форум өткізу
16. Үлгерімі төмен және ерекше оқушылармен жұмыс жүргізу әдісін өзара талқылап, тиімді жолдарын пайдалану.
17. Мектеп өміріне ата-аналарды қайырымдылық іс-шаралары, отбасылық спорттық сайыстар, интеллектуалды ойындарға қатыстыру арқылы ата-анамен мектеп арасындағы сый-құрметті арттыру.
18. Кураторлық сағаттарды пәндермен байланыстырып, кіріктірілген сабақтар ұйымдастыру.
19. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын дамыту.
20. «Ұрпақтар сабақтастығы жобасы» аясында өткізілетін іс-шараларды жетілдіру.
21. «Ұлы дала ақындары» жобасын негізге ала отырып, тілдер кафедрасымен бірлесе қазақ әдебиетінің майталмандары мектеп оқушыларына насихаттау.
22. Өткен оқу жылында үйірме жұмыстарында үздік танылған оқушыларды үйірме жетекшілігіне тарту арқылы, «Өзін-өзі басқару» ұйымының эффективтілігін арттыру.
23. Оқушылар мен ата-аналарға мектептің ішкі тәртіп ережелерімен танысу жұмысын жүргізіп, алдағы уақытта сол ережелердің сақталуын қадағалау.
24. Мектебімізде 10-сыныптарға алғаш өткізілгелі жатқан СЖБ/ВСО /МЭСК/ емтиханына дайындықты жүйелі түрде жүргізу.
25. Психологпен бірлесе отырып, ата-аналармен тренинг семинарлар өткізуді жоспарлау.
26. Шаңырақ оқушылар қауымдастығының «Мейірімді жүрек» әлеуметтік жобасын дәстүрге айналдыру.
27. Ата-аналардың кураторлық сағат өткізу мүмкіндігін ұйымдастыру.
28. Оқушылардың тәрбие жобаларына белсене қатысқандығын анықтау мақсатында оқушының жеке траекториясын жасақтау.

ҚОСЫМША: СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ



ЖЕТІСТІКТЕР

ОЛИМПИАДАЛЫҚ & ЗЕРТТЕУШІЛІК МЕКТЕП



















Мансур Тұрарбек
Құқық
9 сынып
I - орын

Алтынай Исаева
Биология
9 сынып
III - орын

Саломат Матанова
Қазақ тілі
10 сынып
III - орын

Нүргүл Жарылқап
Қазақстан тарихы
9 сынып
III - орын

Дәулет Маханбеталиев
География
9 сынып
II - орын

Амина Чукенова
Ағылшын тілі
9 сынып
III - орын

Арайлым Өсет
Құқық пәні
10 сынып
III - орын

Ізбасқан Даниял
Биология
9 сынып
III - орын

Адиля Алибай
География
8 сынып
III - орын

Жасмина Абдиламитова
Қазақстан тарихы
8 сынып
III - орын

Нигора Жумадуллаева
Қазақ тілі
III - орын

Пернешбай Нұрай
Орыс тілі
10 сынып
III - орын

ҒЫЛЫМ ПӘНДЕРІНЕН "ДАРЫН" РҒПО ОЛИМПИАДАСЫ



1 ОРЫН ЖЕЛІ
2021-2022

ЖАС ӨСПІРІМДЕР ОЛИМПИАДАСЫ



12 ОРЫН ЖЕЛІ
1 ОРЫН РЕСП
2022-2023

ҒЫЛЫМИ ЖОБА "ДАРЫН"



5 ОРЫН ЖЕЛІ
2022-2023

"ЖАС ӘЛ-ФАРАБИ" РЕСП КОНКУРСЫ



2 ОРЫН
9 ОРЫН 2021-2022
2022-2023

ТҮЙІН:

- ЖҮЙЕЛІЛІК
- СЕНІМ
- МОТИВАЦИЯ
- ҒЫЛЫМИ БАҒДАР
- ЖЕТЕКШІ (ТРЕНЕР)

ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ & СЕРІКТЕСТІК

ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ ШАРАЛАРЫ:

- ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС (200)
- НАУРЫЗ КЕЗДЕСУЛЕРІ (430)
- ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІ (400)
- СЕМИНАРЛАР (330)
- ДИРЕКТОРЛАР ОТЫРЫСЫ (135)
- ЖАС ҰСТАЗДАР ФОРУМЫ (230)
- АШЫҚ ЕСІКТЕР КҮНІ (877)
- WRO ОЛИМПИАДАСЫ (100)



ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ
2038 АДАМ ҚАТЫСҚАН



ҒЫЛЫМИ БАЙЛАНЫС
ПЕД. ПРАКТИКА



КЕНТАУ ҚАЗАҚ-НЕМІС
КОЛЛЕДЖІ



ОБЛ. АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ



ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МЕЙМАНДОСТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



АҚШ, ДА ВИНЧИ
МЕКТЕПТЕРІ

СЕРІКТЕСТЕРМЕН ІС-ШАРАЛАР:

- ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС (17)
- "HOT-START" ТӨРЕШІ (55)
- МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС
- ПЕД. ПРАКТИКАДАН ӨТУ (50)
- КОНФЕРЕНЦИЯ (500)
- ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ (№4)
- "MAZMUNDAMA" БАСПАСЫ







ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

1 КАДР САПАСЫ

- ҮЗДІК МАМАНДАРДЫ ЖҰМЫСҚА ТARTУ
- МЕНТОРЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ КҮШЕЙТУ
- ҮЗДІК ЖОО ТҮЛЕКТЕРІН ТARTУ

2 ҰЖЫМ АТМОСФЕРАСЫ

- ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТТІ ДАМУ
- ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МӘДЕНИ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ
- ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

3 ОҚУШЫҒА ЖАЙЛЫ ОРТА

- САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС КЕСТЕ ҚҰРУ
- ФИЗИКАЛЫҚ-ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУҒА ДЕН ҚОЮ
- ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

4 ИНВЕСТИЦИЯ ТARTУ


- ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ДАМУҒА
- ҚАЛА ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУГЕ
- ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖАСАУҒА

5 ҮШ ТІЛДІ ОРТА ОРНАТУ

- ТІЛДІК КЛУБТАР ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУ
- ШЕТЕЛДІК МАМАНМЕН АЙТЫЛЫМ КЛУБЫ ҚҰРУ
- ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ

6 ҒЫЛЫМ-БІЛІМДЕ ЖЕТЕСТІК

- ЖОО ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРҒА КЕҢЕСШІЛЕР ТARTУ
- РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАҒА ТРЕНЕРЛЕР ТARTУ
- STEM ЖОБАСЫН ЖАНДАНДЫРУ





ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ОЛИМПИАДАЛЫҚ МЕКТЕБІНІҢ МҮШЕЛЕРІ



Матанова Саламат
ҚАЗАҚ ТІЛІ



Жумадүллаева Нигора
ҚАЗАҚ ТІЛІ



Пернеşбаı Нұрай
ОРЫС ТІЛІ



Советхан Молдір
ОРЫС ТІЛІ



Тұрарбек Мансур
ҚҰҚҰҚ



Жандарбек Ақар
ХИМИЯ



Жанабаева Софья
АҒЫПШЫН



Жарылқап Нұргүл
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ



Шакиржанова Умида
ОРЫС ТІЛІ



Асет Арайлым
ҚҰҚҰҚ



Абдиламитова Жасмина
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ



Алпысбаı Жібек
АҒЫПШЫН



Нүкенова Амина
АҒЫПШЫН



Мұстафақызы Әлия
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ



Асхатулы Амир
ФИЗИКА



Каримжанова Дильнұра
БИОЛОГИЯ



Ізбасқан Данил
БИОЛОГИЯ



Базарбайұлы Нұрсұлтан
ФИЗИКА



Шахамматов Эрхан
ХИМИЯ



Қальбек Айару
ГЕОГРАФИЯ



Женсібаев Нұрсәулет
ФИЗИКА



Абдугалиярова Зібда
ГЕОГРАФИЯ



Маханбеталиев Дәулет
ГЕОГРАФИЯ



Қалыбай Айша
ХИМИЯ



Айболат Айдан
ИНФОРМАТИКА



Розмұхамматов Сайдахмат
ИНФОРМАТИКА



Алибай Адия
ГЕОГРАФИЯ



Ташметов Шақрух
МАТЕМАТИКА



Юлдашев Билал
МАТЕМАТИКА




Тобаханов Нұрлыбек
ХИМИЯ



Асылбек Ықылас
ХИМИЯ



Исаева Альна
БИОЛОГИЯ





«ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ»
АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ



5-ҚЫРКҮЙЕК
ТІЛДЕР КҮНІ




ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ АЛАҒЫНДА
ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ NIS
ҰСТАЗДАРЫ



АПТАЛЫҚ БАРЫСЫНДА ЗИЯТКЕРЛЕР
САЙЫСҚА ТҮСТІ



«ENGLISH WEEK»
«MODEL UNITED NATIONS» КЕЗДЕСУІ



ЗИЯТКЕРЛЕРДІҢ
ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫ
ҚОРҒАЛДЫ

